



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№20 (10 223)

24 мамыр

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



ӨНІР ДАМУЫНДАҒЫ АУДАН ҮЛЕСІ

Жетісу облысының әкімі Б.Ө.Исабаевтың аудан халқымен кездесуінен



өткен жылғы даму қорытындылары мен жоспарларына толықтай тоқталды. Облыс экономикасының өсу қарқыны 117,4% - ды құрады. Бұл - республикадағы ең жоғары көрсеткіш. Яғни, Жетісу облысы даму барысында басқа облыстардың ішінде 1 орынды иеленгенін мақтанышпен айтып, сол жетістікке жетімізде ақсулықтардың да үлесі зор, - деп алғысын білдірді. Былтырғы кездесуде көтерген 10 мәселенің үшеуі шешімін тауып, қалған жетеуі әлі назардан тыс қалмағанын ашып

инфрақұрылымын жаңғырту керек, - деді. Біз үшін ірі жобалардың бірі Жетісу өңірінің туристік кластерін дамыту аясында Молалыдан Балқаш көліне дейінгі автожолының 0-27 шақырымы былтыр аяқталды, биыл толық қабылданады. Ал, қалған 110 шақырымының бүгінгі күні 62 шақырымына екі қабатты асфальт төселді, биыл күзге дейін соңғы 48 шақырымында бір қабат асфальт жабынымен жол ашылады. Лепсіден Балқаш көлі жағалауына жарық пен су тарту жұмыстары басталды. Яғни, Балқаш көлі Алакөлден де жақсы демалыс орны болатынын айтты. Төртіншіден, тасымалдау саласын, транзитті ұлғайту, терминалдық қуаттарды жүктеу және құбыр арқылы тасымалдауды дамыту қажет. «Достық-Мойынты» темір жолының құрылысы жүруде (аяқтау мерзімі - 2025 жылдың аяғы). Бүгінгі күні «Достық» станциясында, «Достық - Алашанькоу» шекара өткеліне тікелей жақын жерде көпфункционалды жүк тасымалдау терминалы салынды («Dostyk TransTerminal» компаниясы, өткізу қуаты жылына - 2 млн.тонна немесе 180-200 мың контейнер). Бұл теміржол да Балқаш көлін жағалап, Ақсу ауданын кесіп өтеді. Сондықтан осындай мүмкіндікті де құр жібермей, пайдалану керектігін ескертті. Себебі, Қытай мен Ресей т.б. елдерді бір - бірімен қарым - қатынас жасататын Ұлы жол біздің өңірден өтеді. Мұндай мүмкіндік басқа ешбір облыста жоқ, - деді. Бұл ретте облыстың шекаралық әлеуетін пайдалана отырып, инвестиция тарту жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен тұрақты кездесулерін жылына бір рет өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Жетісу облысының әкімі Бейбіт Әкісқбайұлы Исабаевтың биылғы жылғы кездесуі кеше, яғни, 23 мамырда «Қобызшы Мольқбай» атындағы мәдениет үйінде өтті. Газетімізде екі апта бұрын хабарлағанымыздай кездесу алдымен аудан әкімдігінде аудан тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдаудан басталды. Жеке қабылдауға оннан аса адам жазылып, өздерінің ойларында жүрген көкейкесті мәселелерін ортаға салды. Көтерілген мәселелер бойынша қанағаттанарлық жауаптар қайтарылды. Көп мәселе сол жерде шешімін тауып та жатты. «Қобызшы Мольқбай» атындағы мәдениет үйінде өткен кездесуде облыстың

айтты. Биыл облыстың әлеуметтік - экономикалық даму қарқыны сақталып, халықтың әл - ауқатын арттыру жұмыстары жалғасын табады. Ол үшін бізге облыста келесі бағыттарда жұмысты жандандыру қажет - деп, ол үшін ауыл шаруашылығында егіс алқабын және мал шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайтып, салаға 4,9 млрд. теңге инвестиция тарта отырып, 11 жаңа нысанды іске қосу жоспарлануда екенін айтты. Оның ішінде - біздің ауданымыздағы «Ералы» жеке кәсіпкерлігінің мал бордақылау алаңы да бар екенін білдік. Екіншіден, өңдеу өнеркәсібін, үшіншіден, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін, автокөлік жолдарын және теміржол желілерін белсенді салып, инвестициялық жобаларды іске асыра отырып, тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық

(Басы. Соңы 2 - бетте).

"ХАЛЫҚҚА КӨМЕК" партиялық жобасы аясында қабылдау өтті



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының қабылдау бөлмесінде "Халыққа көмек" партиялық жобасы аясында Ақсу аудандық полиция бөлімі басшысының міндетін атқарушысы, полиция подполковнигі Абишев Талғат Алетайұлы қабылдау өткізді. Талғат Алетайұлы аудан тұрғындарын қабылдап, әлеуметтік, қоғамдық және өзге де ортақ түйіткілді мәселелердің шешілуіне ықпал етілуіне бағыт-бағдар берді. Қойылған сұрақтар бойынша заң аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК" партиялық жобасы аясында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалы және "Ақсу ауданы, Мансап орталығы" ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі жандарға бос жұмыс орын ұсыну жәрмеңкесі өтті. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесінде - Ақсу Қант зауыты, Ақсу су құбыры, Е.Сиқымов атындағы орта мектеп жанындағы интернаты, Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы, Мамания атындағы орта мектебі, Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, "Баян" және "Өтебай" шаруа қожалықтары және Мансап орталығы бөлімдерінің жұмысқа қабылдайтын мамандар қатысты. Қазіргі уақытта Ақсу су құбырында мүгедектігі бар кісілер жұмыс істейді. Осы жылға Ақсу ауданына 16 квота берілген (мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту). Осы жылдың басынан жұмыссыз ретінде 36 адам тіркелген. Бүгінгі күнде 27 адам жұмысқа кірді.

Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ, аудандық партия филиалының консультанты.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

ӨҢІР ДАМУЫНДАҒЫ АУДАН ҮЛЕСІ

Жетісу облысының әкімі Б.Ө.Исабаевтың аудан халқымен кездесуінен

(Соңы. Басы 1 - бетте).

Соның нәтижесінде «Қазақстан - Қытай халықаралық өнеркәсіптік қаласы» жобасын салу жұмысы басталды.

Біздің облыс байланыстырушы буындардың бірі болғандықтан, алдағы уақытта теміржол және автокөлік логистикасы саласындағы транзиттік әлеуетімізді дамытуға әрі қарай да басымдық беретін боламыз, - деді облыс басшысы.

Облыста өңірлерді жүйелі түрде табиғи газға қосу жұмысы кезең - кезеңмен жүргізілуде, - деп облыс бойынша мәлімет айтып, 2024 жылдың 2-ші жарты жылдығында «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысын бастаймыз (жобаның құны 131,7 млрд. теңге).

Сөйтіп, 2028 жылға дейін Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының 124 мың тұрғыны бар 66 елді мекені, оның ішінде Ақсу ауданының 26 ауылы (29 973 адам; ауданда 49 елді мекен бар, жалпы халық саны - 36 565 адам) газға қосылады. Яғни, газ тарту жұмысы биыл басталса, біздің ауданымызға бірінші келеді. Келесі жылдан бастап күлден, көмірден құтылатын кез болатыны шындық.

Осы шаралардың барлығы экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша қойылған міндеттерге жеткізуі тиіс.

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы н дамытудың бірден - бір жолы - ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсету.

Ақсу ауданында өткен жылы 1013 ауылшаруашылық субъектілеріне 3,1 млрд. теңге көлемінде субсидия бөлу арқылы қолдау көрсетілді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде 537,5 млн. теңгеге 94 шағын несие берілді. Бұл бағдарлама биыл да жұмыс жасайды. Тоқтап қалғанша осы мүмкіндікті де тиімді пайдалануды құлаққағыс жасады. Б.Сырттанов ауылдық округінде 1 кооператив ашылды (СПК «Бауыр» кооперативі 27,6 млн. теңгеге 2 бірлік техника мен 4 қажетті агрегат сатып алынды).

Биылғы жылы 56 жобаға 350 млн. теңге көлемінде шағын несие берілетін болады. Өтінімдер 2 мамырдан бастап қабылдануда. (2024 жылдың 20 мамырына 745,4 млн. теңгеге 99 өтінім қабылданды).

Өткен жылы ауданның ауылшаруашылық өнімінің жалпы көлемі 58,1 млрд. теңгені құрап (нақты көлемі - 100,9%), облыстағы өндіру үлесі 11,4% болды (облыс - 508,4 млрд. теңге).

Биылғы жылдың көктемгі дала жұмыстары толыққанды жүргізіліп, аяқталды. Жалпы егіс алаңы 129 гектарға ұлғайтылып, 62,4 мың гектарды құрады (дәнді дақылдар - 28,5 мың га, майлы дақылдар - 17,3 мың га, картоп - 1,7 мың га, көкөністер - 0,4 мың га, басқа дақылдар - 14,5 мың га).

Көктемгі дала жұмыстары кедергісіз, сапалы және уақытылы жүргізілуі үшін ауданға 418,7 тонна дизель отынының қоры қалыптастырылды, ш а р у а ш ы л ы ғы н ы ң өтінімдеріне сәйкес берілуде (20.05.24ж. - 110,2 тонна алынды).

Ақсу ауданы - облыстың қызылша егетін аймақтарының бірі. Облыстағы екі қант зауытының бірі Сіздердің аудандарыңызда орналасқан (қуаттылығы 450 мың тн.).

Зауыт Ақсу ауданымен қатар, көршілес Алакөл, Сарқан аудандарының шаруашылықтарынан қант қызылшасын қабылдайды. Биыл бұл аудандар қант



Ақсу облысының әкімі Б.Ө.Исабаевтың аудан халқымен кездесуінен. Суретте: Ақсу облысының әкімі Б.Ө.Исабаев, Ақсу ауданының әкімі Бейбита Оксик, Ақсу аудандық әкімдігінің басшысы Аманжол Аманжолұлы.

қызылшасын 5,7 мың гектарға екті (Ақсу - 2 200 га, Алакөл - 680 га, Сарқан - 2 830 га).

Оның ішінде Ақсу ауданының үлесі 2,2 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,8 есеге артық (2023 жылы 1,2 мың га).

Биыл ауа-райы да қолайлы болып тұр. Ылғал жеткілікті, жоғары өнім алуға жақсы мүмкіндік бар.

Көріп отырсыздар, қажетті жағдайдың бәрі жасалып отыр, осы мүмкіндікті пайдаланып, аудан әкімдігі қызылша шаруашылықтарының жазғы жұмысын тиімді ұйымдастыруы тиіс - деп қатаң тапсырма берді.

Аудан мал шаруашылығы бағытындағы өңір болғанына қарамастан, өткен жылмен салыстырғанда статистика деректері мен ИСЖ базасы арасындағы айырмашылығына байланысты мал басының төмендеуі анықталды. Барлық облыстардағы осындай кемшіліктерді жою үшін республика бойынша ауылшаруашылығы малдарының санағы жүргізілуде.

Сондықтан мал санағын дұрыс жүргізіп, статистикалық есептерге нақты мал басын енгізуді тапсырамын, - деді Бейбіт Өксікбайұлы.

Ветеринария саласын дамытуға да облыста, ауданда баса көңіл бөлінуде. Былтыр Арасан, Ақсу, Сырттанов ауылдық округтеріне құны 35,8 млн. теңгеге 3 модульді ветеринариялық пункттері қолданысқа беріліп, 3 бірлік автокөлікпен қамтамасыз етілді.

Биыл Суықсай, Н.Есеболатов, Көшкентал ауылдық округтеріне 3 модульді ветеринариялық пункттер салынуға, шілдеге дейін қолданысқа беріледі. Бұған қоса, 1 дана арнайы автокөлік 17 дана планшет пен 17 дана компьютер жиынтығы беріледі. Ауылшаруашылық жануарларын аса қауіпті аурулардың алдын алу бойынша вакцинациялауға 2 млн. 20 мың доза жоспарланып, 5 айлық көрсеткіш 80%-ға орындалды.

Ветеринария саласына көрсетіліп отырған қолдауларға қарамастан жыл басынан малдың 2 қолайсыз ошағы түркіледі. Сондай-ақ, бруцеллез ауруы өткен жылы 140 малдан шықса, биыл 173 басқа дейін өсіп, облыстың 30 пайызын құрап отыр.

Осы орайда аудан әкімдігі мен ветеринария басқармасына аталған ошақтар мен типтік үлгідегі мал қорымдарына қатысты шұғыл шаралар қабылдап, ауылшаруашылық жануарларын уақытылы вакцинациялау жұмыстарын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Ауданда тұрғындармен жиі көтерілетін өзекті мәселенің бірі - жер мәселесі.

Пайдаланбай жатқан а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы мақсатындағы жерлерді қайтару маңызды жұмыстардың бірі болып табылады. Осы жерлер қайтарылып, өз шаруашылығын ашамын деген азаматтарға берілуі керек.

Қайтарылған жерлерді қайта айналымға енгізу жұмыстары

баяу жүргізілуде. Жыл басынан конкурспен ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер берілмеген.

Жарияланған конкурстар қатысушылардың құжаттары толық болмағандықтан өткізілмеген. Шаруашылықтар арасында конкурсқа қатысудың ережелері мен өткізілетін құжаттар бойынша түсіндіру жұмыстары тиімді жүргізілуі керек.

Алдағы өткізілетін конкурстар әділ және ашық өтуіне, пайдаланбаған жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруды, қайтарылған жерлерді қайта айналымға енгізуге тікелей жауапкершілікті аудан әкіміне міндеттеймін, - деп қатаң тапсырма берді облыс әкімі Бейбіт Исабаев.

Аудандағы тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі мен жол мәселесі туралы кеңінен тоқталып өтті.

«Ауыл - ел бесігі» жобасы - ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсартуға, ауылдарды өңірлік даму стандарттарына жеткізуге бағытталған.

Аталған бағдарлама аясында облыс бойынша 52 жобаны іске асыруға 9,3 млрд.теңге қарастырылған. Ақсу ауданында 1,5 млрд. теңгеге 7 жоба іске асырылуда. Осы жобаларды уақытылы іске қосу үшін аудан әкімі жұмыс барысын тікелей өз бақылауына алуы қажет.

Әлеуметтік сала, Білім беру саласы, Денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер мен жасалып жатқан жұмыстарды айта келе, бүгінгі күні «Ақсу аудандық орталық ауруханасының ғимаратын қайта құру және сейсмикалық күшейту» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, жергілікті бюджеттен бірлесіп қаржыландыруға (софинансирование) 169,3 млн. теңге бөлінді (дайындық деңгейі - 18%, аяқтау мерзімі - 2025 ж.). Жалпы жұмыстардың құны 1,8 млрд. теңгені құрайды.

Батыс, солтүстік өңірдегі алапат су тасқынына байланысты республикалық бюджеттен қаржы биыл тоқтап тұр.

Облыстық құрылыс басқармасы тарапынан денсаулық сақтау министрлігіне бюджеттік өтінім жолданды (2024 жылғы 23 қаңтарында), республикалық бюджетті күзде нақтылау кезінде қаралатын болады. Биыл облыстық бюджеттен қаражат бөлу мүмкіндігін қарастырып, құрылысты тоқтатпау керек. Бүгінгі сапарымда алдымен сол жерді барып көрдім. Жұмыс тоқтамайды, - деді.

Сөз соңында облыс әкімінің орынбасарларына аудан әкімімен және тиісті басқармалармен бірлесіп, бөлінген бюджет қаражатын бекітілген жұмыс кестелеріне сәйкес сапалы игеруді, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы барлық айтылған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Ербол СЫМХАНОВ.

Туған тілдің абыройын асқақтату - әрбір адамзаттың абзал борышы. «Мәдениетіміздің негізі - білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады», - деп белгілі қоғам қайраткері, тілтанушы Халел Досмұхамедұлы айтқандай, біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт - санамыз бен дініміз осы ұлттық



ТІЛ БЕДЕЛІ - ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ

мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп

қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Егеменді ел болып, ес жиып, етек жия бастаған бұл күндері осындай ойға қонбайтын, солақай сорақыларды көзбен көріп, қолмен ұстай отырып қазақ тілі мәселесі жөнінде толғанбай тұра алмаймыз. Тіл - таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз. Қазақ тілі - өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы. Ана тілін ұмытқан адам өз халықының өткенінен де

болашағынан да қол үзеді. Ана тілі - ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау - арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Ұлттың, мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілде деген сүйіспеншілік бала кезеңнен басталуы тиіс. Айналанды танып білу, туған тілінді білуден басталады. Себебі, тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, қазақ тілінің мәртебесінің көтерілуіне атсалысу керек.

Алима ШАПИЫҚ, Арасан ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

АНА ТІЛІН АРДАҚТАЙЫҚ!



«Қадірлі, бағасы алтын анам тілі, Сенімен бағаланған балаң түрі. Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп, Сенімен әлдилеген анам мені».

I.ЖАНСҮГІРОВ.

Ұлтымыздың ұлылығының үлкен айнасы қазақ тілі өзінің бар болмыс - бітімімен, сән - салтанатымен жан - жақты көрінген бай тіл. «Туған жер - тұғырың, баптасқан тозбайды, туған тіл - қыдырың, сақтасан тозбайды», - демекші Тәуелсіздік тұғырының мықты болуы тіл тазалығына байланысты екенін жадымыздан шығармағанымыз абзал. Ұлтымыздың биік мәртебесін, озық мәдени, әдеби мұраларын келер ұрпаққа өз дәрежесінде жеткізуді мұрат еткен кезеңде уақыт жүгінің басымы кітапханашыларға түседі. Кітап оқу - өнер, рухани жаңғыру кепілі. Оқырмандардың санасына күн сәулесіндей нұрын сіңіріп, адамгершілікке, имандылыққа, оқу - білімге ұмтылуға әсерлі өлеңдерімен тәрбиелейтін Махмұт Қашқаридың даналық сөздері, Жүсіп Баласағұнның, Өл-Фарабидің, Ахмет Иүгінекидің өлеңдері, Ахмет Иассағұнның хикметтері, ата-баба тарихының асыл мұраларын кітапханадан табасыз. Жер жаннаты Жетісу-текті елдің ғана емес, текті жырдың да атамекені. Олай болса, төрткүл өлемге танылған қазақ тілі, даланың данасы, ұлттың ұлылары толғап, тамсанып, нәрін танып кеткен тіл - ана тілін Ақсудың ардақты перзенті, ақын - Ілияс Жансүгіров: «Қадірлі, бағасы алтын анам тілі, Сенімен бағаланған балаң түрі, Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп, Сенімен әлдилеген анам мені», - деп жырлап кеткен. Ілияс ақын көзі ашық, көкірегі ояу болғаны үшін қуғындалды, ату жазасы белгіленді. Алайда тілін кесіп, басын алғанмен білімдінің соңында өлмейтұғын хаты, ұрпағының аты қалды. Ақиық ақын өзіне ғана емес жастарға: «- Оқығанда кім болам? - Жанарыңа нұр болам. Заманыма ұл болам. - Дейсіңдерме күн болам? Мен сендерге тіл болам, Оқығанда кім болам? Ауылыма ай мен күн болам.» деген өлең жолдары кейінгі буынның санасына ана тіліміздің құдіретімен тазалығын сақтауға үндеу іспетті. Осылай үлкен үміт артқан ұрпағы - XXI ғасырдың жастары-тілі жұлынған қоңыраудай ақтық сөзін айта алмаған ақынның арманының орнын ана тілінің тазалығын сақтай отырып толтырары сөзсіз. Оның дәлелі ақынның 130 жылдық мерейтойына арналған түрлі мәдени іс-шаралардың өткізілуі кейінгі буынның санасына ана тілін құрметтеп, туған өлкенің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, табиғатын танудан, ақын-жазушыларын ардақтаудан басталатынын насихаттау.

Гүлшат САДУАҚАСОВА,

Қапал ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.

АҚСУ АУДАНЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

| | |
|--------------------------------|---|
| Ұйымдастырушы: | «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ |
| Орналасқан жері: | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат. |
| Байланыс телефоны: | 8 (7282) 32-93-92, 87472100700. |
| Өтінімдерді қабылдау нысанасы: | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу. |
| Өтінімдерді беру орны: | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет. |
| Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: | 2024 жылдың «1» маусымнан бастап 2024 жылдың «15» маусымға дейін |
| Өтінім берудің басталу күні: | 2024 жылдың «1» маусым. |
| Өтінім берудің аяқталу күні: | 2024 жылдың «15» маусым. |

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдер;
- зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);
- балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлғалары – жиырма тоғыз жасқа дейін;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар – босатылғаннан кейін он екі ай ішінде;
- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар;
- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;
- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;
- қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- азаматтарды құту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер.бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер;
- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу
- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығын ұйымдастыру
- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары
- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік. оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу;
- әлеуметтік оқыту, біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері;
- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)
- қоршаған ортаны қорғау;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына геронтологиялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.

ЕСКЕРТУ!

«Ақсу өңірі» газетінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі №16 санында жарияланған Ойтоған ауылдық округі бойынша «Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі» 17 маусым күніне белгіленген конкурс Құрбан айт мерекесіне сәйкес келуіне байланысты 18 маусымға ауыстырылады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

ВНИМАНИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АКСУСКОГО РАЙОНА!

Объявление о приеме документов на включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства

| | |
|---|---|
| Организатор: | ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу». |
| Местонахождение: | город Талдықорған, ул. Кabanбай батыра 26, 1 этаж. |
| Контактный телефон: | 8 (7282) 32-93-92, 87472100700. |
| Предмет приема заявок: | Включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства в соответствии с правилами ведения реестра субъектов социального предпринимательства, утвержденными приказом и. о. министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 июля 2023 года №140. |
| Место подачи заявок для включения в реестр: | город Талдықорған, ул. Кabanбай батыра 26, 1 этаж, кабинет 108. |
| Сроки подачи заявок: | с «1» июня 2024 года по «15» июня 2024 года. |
| Дата начала подачи заявок: | «1» июня 2024 г. |
| Дата окончания подачи заявок: | «15» июня 2024 г. |

Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

В случаях, предоставления предпринимателем неполного пакета документов, либо предоставления недостоверных данных или документов, не соответствующих установленным условиям, Правил формам, организатор **возвращает** предпринимателю предоставленные документы.

В реестр социального предпринимательства могут претендовать на включение предприниматели, относящиеся к следующей категории:

1 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие занятости социально уязвимых слоев населения;

- лица с инвалидностью;
- родители и иные законные представители, воспитывающие ребенка с инвалидностью;
- пенсионеры и граждане предпенсионного возраста (в течение пяти лет до наступления возраста, дающего право на пенсионные выплаты по возрасту);
- воспитанники и выпускники организаций образования для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в возрасте от шестнадцати до двадцати трех лет;

- лица, освобожденные от отбывания наказания из учреждений уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, – в течение двенадцати месяцев после освобождения;
- лица без определенного места жительства;
- родители и иные законные представители, относящиеся к малообеспеченным, многодетным или неполным семьям, а также многодетные матери, награжденные подвесками "Алтын алқа", "Күміс алқа" или получившие ранее звание "Мать-героиня", а также награжденные орденами "Материнская слава" I и II степени;
- лица, прошедшие медико-социальную реабилитацию наркологических больных или лечение зависимости от психоактивных веществ, – в течение двенадцати месяцев после проведения реабилитации или лечения;
- кандасы;

2 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие реализации товаров, выполнению работ, предоставлению услуг социально уязвимых слоев населения из первой категории;

3 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие деятельность по производству товаров, выполнению работ, предоставлению услуг предназначенных для социально уязвимых слоев населения из первой категории в соответствии со следующими видами деятельности:

- по оказанию социально-бытовых услуг, направленных на поддержание жизнедеятельности в быту;
- по оказанию социально-медицинских услуг, направленных на поддержание и сохранение здоровья путем организации ухода, оказания содействия в проведении оздоровительных мероприятий, систематического наблюдения для выявления изменения состояния здоровья граждан;
- по оказанию социально-психологических услуг, предусматривающих оказание помощи в коррекции психологического состояния для адаптации в социальной среде;
- по оказанию социально-педагогических услуг, направленных на профилактику отклонений в поведении;
- по оказанию социально-трудовых услуг, направленных на оказание помощи в трудоустройстве и решении иных проблем, связанных с трудовой адаптацией;
- по оказанию услуг, предусматривающих повышение коммуникативного потенциала, реабилитацию и социальную адаптацию, услуг по социальному сопровождению;
- по производству и (или) реализации медицинской техники, протезно-ортопедических средств, программного обеспечения в области цифрового здравоохранения, а также технических средств, которые могут быть использованы исключительно для профилактики заболеваний, реабилитации лиц с инвалидностью, в том числе медицинской абилитации детей с инвалидностью;
- по организации отдыха и оздоровления лиц с инвалидностью и пенсионеров;
- по реализации образовательных программ дополнительного образования;
- по созданию условий для лиц с инвалидностью и маломобильных групп населения по обеспечению доступа к объектам социальной, транспортной и рекреационной инфраструктуры, использованию транспортных средств, оказанию универсальных услуг связи при предоставлении информации;

4 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие работу в следующих видах деятельности:

- по оказанию психолого-педагогических и иных услуг, направленных на укрепление семьи, обеспечение семейного воспитания детей и поддержку материнства и детства;
- по организации отдыха и оздоровления детей;
- по реализации общеобразовательных учебных программ дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего, общего среднего образования, образовательных программ технического и профессионального образования;
- по оказанию психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными возможностями, медицинской и социальной помощи обучающимся и воспитанникам, испытывающим трудности в освоении учебных программ основного среднего и общего среднего образования, развитии и социальной адаптации;
- по обучению работников и добровольцев (волонтеров) социально ориентированных некоммерческих организаций, направленному на повышение качества предоставления услуг такими организациями;
- культурно-просветительская (в том числе деятельность частных музеев, театров, библиотек, архивов, школ-студий, творческих мастерских, ботанических и зоологических садов, домов культуры, домов народного творчества);
- по охране окружающей среды;
- по оказанию социально уязвимым слоям населения, геронтологической и геронтологической помощи, организации центров здоровья и долголетия, мероприятий по ведению здорового образа жизни.

С конкурсной документацией вы можете ознакомиться на сайте управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=ru>

КІТАП – ТАРИХ, ШЕЖІРЕ!

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне – 1996 жылдан бастап жыл сайын 23 сәуірде атап өтеді. Бұл күн 1995 жылы 15 қарашада ЮНЕСКО-ның 28-сессиясындағы 3.18 қаулысында ресми түрде белгіленді. Жыл сайын Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне әр кітапхана түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. 23 сәуір Дүниежүзілік кітап күніне орай Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында «Кітап – тарих, шежіре!» кітап фестивалі өтті. Мың бұралған кішкентай биші қыздар қазақ биімен шараны бастады. Бүгінгі шараға бас маман іс жүрізуші Нұрболат Сейқуатұлы, клуб меңгеруші Талғат Мұратбекұлы, Ғ.Мұратбаев мектебінің 2-3 сынып оқушылары және ауыл тұрғындары қатысты. «Кітап – тарих, шежіре!» атты кітап көрмесі дайындалды. Көрмеге жерлес ақынымыз І.Жансүгіровтың 130 жылдығына «Әлемдік биіктегі ақын», «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Б.Соқпақбаевтың кітаптары, «Әлем әдебиеті» кітаптары, «Букроссинг» кітап алмасы, «Кітапханаға кітап сыйла», «Мерейтой иелері» және кітапсүйер қауымды қорға келіп түскен жаңа басылымдармен таныстыру мақсатында түрлі саладағы әдебиеттер



қойылып кітапханашы Назира Қожабекқызы кітаптармен таныстырып библиографиялық шолу жасады. Сонымен қатар Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен үзінді қойылды. Биші қыздар «Құпия кітап» биін тарту етті және оқырмандар жыр шашуларын оқыды. Бүгінгі шараны Гүлім Рысбекқызы кезек-кезеңмен жүргізіп отырды. 1 кезек: «Кітап – рухани қазына» атты поэзияға көңіл белеміз, ақын,

апа – ағаларымыздың бір өлеңін айту; 2 кезек: «Білім – кілті кітапта» атты мақал – мәтелдер айту; 3 кезек: «Кітап – алтын қазына» атты сұраққа жауап беру; 4 кезек: «Кім тапқыр» атты суретке қарап жауап беру; 5 кезек: «Жұмбақтар сыр шертеді» атты жұмбақтар жасыру; 6 кезек: «Біз кітаптан нені үйренеміз?» атты өз ойын жеткізу. Осы кезеңдер бойынша оқырмандар белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті. Шара соңында оқырмандарға тәттілер таратылды. Кітап күніне арналған арналған сайысымызға қатысқан барша оқырмандарға рахмет. Кітап арқылы білімге, ғылымға деген құштарлығын, ой-санасын толтырып, адамгершіліктің, парасаттың шыңына көтеріп, рухын асқақтатып жатса одан өзге бақыт болмас. Ақылына ақы сұрамайтын асыл қазына – кітаппен достығымыз үзілмесін! Әрқашанда жүздеріңіз жарқын, жолдарыңыз даңғыл болсын! Кітап күніне арналған осындай жылы-жылы мерекелерде жүздесе берейік, ағайын! Назира АУБАКИРОВА, «AMANAT» партиясының мүшесі, Б.Сырттанов ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЙТАЛУ КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі қайталау конкурсы өткізетіндігі туралы хабарлайды: Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 2024 жылдың 10 маусымнан 24 маусымға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етіді. Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттама) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 24 маусым, 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған көнерттер 2024 жылдың 25 маусым 10 сағат 00 минутта мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурста қатысуға өтінімде:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (еңкейтірілуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
- 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сөйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;
- 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
- 4) конкурстық ұсыныс;
- 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурста қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады. Конкурсның ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
- 2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
- 3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады. Конкурсның ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурсның ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурста қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мерленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мерімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатерді қысыққа грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "2024 жылғы маусымның "25" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетілген) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады. АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ПОВТОРНОГО КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННО ПРОИЗВОДСТВА

Аккусский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аккусского района объявляет о проведении повторного конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 10 июня по 24 июня 2024 года, по адресу: (Жетисуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аккусского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 24 июня 2024 года, в 18 часов 30 минут. Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведено 25 июня 2024 года в 10 часов 00 минут (Жетисуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать: для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

- для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;
- местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;
- конкурсное предложение;
- обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать: бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

- обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;
- обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства". Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: 25 июня 2024 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

| № | Орналасқан жері | Алаңы, га. | Алқап құрамы | Су көздерімен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандандырылған |
|---------|---------------------|------------|------------------|---------------------------------|---|
| 1 (17) | Ақсу ауылдық округі | 2,3 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 2 (26) | Ақсу ауылдық округі | 7,1 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 3 (37) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 4 (38) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 5 (39) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 6 (40) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 7 (42) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 8 (45) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 9 (48) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 10 (49) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 11 (50) | Ақсу ауылдық округі | 13,0 | Суармалы егістік | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |

| № | Местоположение | Площадь, га. | Состав угодий | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона |
|---------|--------------------------|--------------|-----------------|--------------------|--|
| 1 (17) | Аккусский сельский округ | 2,3 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 2 (26) | Аккусский сельский округ | 7,1 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 3 (37) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 4 (38) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 5 (39) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 6 (40) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 7 (42) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 8 (45) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 9 (48) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 10 (49) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |
| 11 (50) | Аккусский сельский округ | 13,0 | Орошаемое пашня | Обеспечен водой | Специализированный |

КҮШІМАН БАТЫР



Бір аңызда, Тәуіп бабамыздың ағасы Күшіман батыр жауға аттанарда інісінің көріпкелдігіне сүйенеді екен.

Жоңғарлардың жорықбасы ханы, әрі шеп бұзар батыры Доржы қаша жүріп ұрыс салып, қазақ қолын өзге қолдардан оқшау алып шығып, жеті сөтке қанды шайқас жасап, кейде шабуылдап, қазақтарды ауыр шығынға ұшыратады.

Бірде Күшіман батыр бес қаруын сайланып, ұрысқа аттануға жиналып бәйбішесіне:

- Көтен тәуіп қайныңа барып сұрашы, жолымыз бола ма, болмай ма, көріпкелдігін айтсын,- дейді есік пен төрдей кер бестісінің айылын тартып жатып.

- Қайным, ағаңа не айтасың? Жорықты болжап берсең,- деген жеңгесінің сұрағына:

Бармасын, жолы оң болмайды. Ертеңдер Абылайхан, Қабанбайлардың келгенін тоссын,- деп жауап береді Тәуіп.

- Сонау жер түбі қияндағы қырғыздан Қабанбай әзірге қайтар деймісің. Олар оралғанша қоңтайшы Доржының «Қырғи» атанған Арқауыл батыры бәрімізді қырып тастар,- деп Күшіман інісінің айтқан тоқтамын тыңдамай, «өзім білемдікке» салынғанда, жау қолына тұтқынға түсіп жапа шеккен көрінеді. Күшіман ба-

тырды жоңғарлар өздерінің ең қатал жазасы, жаңадан сойылған өгіз терісінің ішіне тірдей салып, сыртынан тігіп тастапты. Күн қызған сайын тері жиырылып, денесін тас құрсаудай қысады.

Бірде, талықсып кеткенінде, көз алдына Қоңырбай әкесі келіп: - Балам, кенже ініңді бекер тыңдамадың. Менің кіндігімнен шыққан ағаң Түгел де, сен де ұстамаған көріпкелдікті, сонау Төлегетай бабаңнан бастап жеті атадан бері келе жатқан, асыл қасиетті ұстаған ініңді сыйла, соған сиын, сені жарық дүниеде одан басқа ешкім құтқара алмайды,- дейді.

«Расында түс көріп отырмын ба?»,- деп қалды, есі ауыса бастаған батыр.

Төлегетай бабамыз болашақты болжай білетін, киелі, сәуегей адам болғанын інісінен сан естіген. Тіпті, Асау би бабаларының Қарқаралыдағы туыстарын қалдырып, Ұзгентте жатқан Төлегетай әулиенің басына шырақшы болып кеткенін де біледі. Ешнәрседен бейхабар құдайсызың Күшіман емес. Неге осы жолы түлен түртіп, Тәуіпті тыңдамағанына өзі қайран. Соның барлығын ести тұра, бұл опасыз дүниеде, батырлықтан басқа құдірет жоқ деп түсініп, інісін тыңдамағанына опынды.

Күшіман батырдың жау қолына тұтқынға түскенін

сезген бабамыз, қобызын қолына алып ойнағанда, өзен бойындағы көгалдан қап – қара құйын көтеріліп, ұлғая келе жартастарға соғылған қатты жел жыланша ысқырып, өзеннің бетін айран асыр жасап, дауыл тозаңындағы шаң қаймақша шыланды.

Доржы әскерлерінің аяқ астынан сап еткен апаттан естері шығып, аттары үркіп, шатырлары ұшты. Өгіз терісінде жатқан Күшіманды жел домалатып, жау ортасынан аулаққа, салт атты көрінбейтін жыраққа түсіріп жіберді.


- Ей алла, жаратқан ием сақтай гөр. - деді жаны қысылған Күшіман батыр алып кеудесін кергісі келіп. Бірақ ку тері тынысын тарылтып, өнебойынан сорғалаған терге шыланып, бүктетілген екі тізесі жазылмады.

Сонда Күшіман батыр: «Уа, Жалаңаш әулие, өзіңе сиындым. Менің қолға түсерімді білгенде, босатуға шамаң келмей ме, осыған құдіретің жетпей ме?»,- дегенде, өнебойын құрсаған өгіз терісінің тігісі сіргеленген жерінен сырт-сырт етіп сөгіліп кетіпті. Күшіман батыр сүт пісірім тыныстап жатып, көзге түртсе кергісіз боранда, шеткі термедегі байлаулы тұрған аттардың ішінен, бір атты шешіп мініп, ер басына ілінген қалмақы қайқы қылышты қолына алып, Қышқаш тауына барар жолға шыға келсе, күн ап - ашық. Айналасы он шақырымға жетер жетпес аралықта ауа райы екі түрлі болғанына таңданып тұрғанда, жақын маңдағы Қарауыл төбеден, өзіне қарай келе жатқан қалмақтың үш атты жаушыларын көреді. Қалмақтар да мұның қазақ екенін байқасымен қоршап алып, жабыла кетті. Қаны қарайып келе жатқан Күшіман батыр бір бірлеп екеуін аттан түсіргенде, соңғысы қаша жөнелді. Аты тым ұшқыр екен, манағы қара дауылды аймаққа сіңіп кеткенше қуып, сәл қарап тұрып: «Барсын», - деді де, Күшіман батыр Шағанға түсіп, хан кеңесіне келе жатқан Қабанбай батырдың түменіне қосылды.

Қағазбек ҚОЙШЫБАЕВ,
Көтен Тәуіп дерегінің
жинаушы ардагер - ұстаз.

Ойтоған ауылдық округінде 14 - мамыр Жыр құлагері І.Жансүгіровтың туған күніне «Ақын жаны – мәңгілік» атты ескерткіш басында әдеби кеш ұйымдасырылып өтізілді.

Қазақ халқының біртуар перзенті, драматург жазушы, солақай саясаттың саяси-қуғын сүргін репрессияның құрбаны болған ауылымыздың тумасы І.Жансүгіровтың туғанына - 130 жыл. 15 - мамыр күні еске алу барысында облыстан келген қонақтар ескерткіш басына барып гүл шоқтарын қойды. Шығармашылық жолдарында ұмтылмастай із қалдырған ақын рухын асқақтатып, жадымызда



АҚЫН ЖАНЫ – МӘҢГІЛІК Ескерткіш басындағы әдеби кеш



сақтап, жоғалтпай ұрпақтан - ұрпаққа шығармаларын насихаттап дәріптеп жеткізу мақсатында ұйымдастырылған бұл шара ауыл әкімі В.Берікқызының ықпалымен өз деңгейінде жақсы өтті. Келген қонақтарға ақын өлеңдерін оқыған оқушылар, «Ақ әже» үйірмесінің мүшелері «Шилі өзек» әнін айтып, ауылымыздың тумасы Ілияс атамыздың немере жиені ардагер - ұстаз Оралхан Көппайқызы шашу шашып, «Құлагер» поэмасынан үзінді оқып берді. Об-

лыстан І.Жансүгіровтың жиеншары Жанат апай, облыстық Тіл сарайының директоры Жеңіс мырза бастап, Фабит Тұрсынбайұлы және тағы да басқа қонақтар ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жаудырып қайтты. Ақын жаны ұрпақтары барда мәңгі өлмек емес. Құран бағышталып соңында жеті нан таратылды.

Э.БЕКОВА,
Ойтоған ауылдық клубының әдіскері.

ЖАТ АҒЫМ – ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ



Қазір рухани құндылығымыз бен салт - дәстүрімізден ажырап барамыз. Қазақтың ырым - тыйымының тәрбиелік мәнін де ұмыттық десек болады. Діни білімсіздіктің салдарынан жат ағымның жетегінде кететін жастар өте көп. Отбасындағы тәрбиеге баса мән берген дұрыс. Бүгінде отбасында баламен байланыс әлсіреген. Күнделікті күйбең жұмыспен баланың тәрбиесін екінші орынға ысырғалы қашан. Бала әңгімелесетін, ақылдасатын адамның болмағанынан сырттағы адамға ішкі сырын ақтарып отырады. Тіпті

әлеуметтік желіге «көңіл-күйім жоқ», «мазам болмай отыр» деп бар жағдайды жайып салады. Міне, жат ағымның жетегіне кететіндердің дені осы әлеуметтік желінің арбауына түскендер. Қазір не істеп, не жеп отырғаныңның бәрін әлеуметтік желілерге жүктейсің. Осылайша баланы қадағалаусыз қалдырудамыз. Сондықтан ең әуелі баланың тәрбиесін әр отбасы басты назарға алуы керек, әр отбасы өз ұрпағына діни тәрбие берерде, жақсы ілімді ұстаздан ілім алдырып, әрдайым бақылауда ұстауы керек. Жат ағымдардың

Отанымызға, дінімізге қарсы жасап жатқан амалдары мен іс - әрекеттерімен біз қоғам болып күресуіміз керек. Сонда ғана елімізді түрлі жат ағым өкілдерінен тазарта аламыз. Осы орайда, Ақсу ауылдық мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, тұрғындар арасында "Жат ағым - жарға жығады" атты тақырыпта ақпараттық - түсіндіру жұмысы жүргізілді. Шара барысында деструктивті діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру, дәстүрлі рухани - мәдени құндылықтарды дәріптеу, сондай-ақ, теріс ағымдардың зияны туралы ақпарат берілді. Деструктивті діни ағымдардың белгілері, олардың діни көшбасшылары қолданатын сөздерінің дәстүрлі ислам тұрғысынан дұрыс анықтамалары берілді. Бұл қауіпті құбылыс қоғам, мәдениет, ғылым - білім мен өнерден ажыраған кезде бірден пайда болатын құбылыс екені айтылды. Шара соңында тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Халида БАЙБОСЫНОВА,
Ақсу ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Қоғамда белең алатын өзге жат ұғымдар туралы, олардың алдын алу үшін дөңгелек үстел, танымдық сағаттар өткізу барысында, діни тұрғыда кері көзқарастар болдырмау жағын қарастыру мақсатында Ойтоған ауылдық округінде мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен іс-шаралар атқарылуда.

Қазіргі өлемдегі діни экстремизм мен терроризм, оны болдырмаудың қажеттілігі, діни төзімділік пен ұлтаралық келісімді сақтау мәселелері, қазіргі таңдағы ислам дініне жат ағымдар, олардың қазақ халқының діни танымын әсері жөнінде мағлұмат беру мақсатында ауыл белсенділерімен «Терроризм туралы ұғым» туралы баяндама тыңдалды. Ойтоған ауылдық клуб қызметкерлері мен мектеп ұжымы өзін - өзі басқару ұйымының мүшелері мен жастар арасында «Терроризмсіз болашақ»



тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Баяндама барысында сұрақтар өрбітіп, үлкендердің терроризмнің алдын алу туралы пікірлері тыңдалды. «Тәрбиесіз берілген білім тұл», - демекші алдымен әр адамның шаңырақта алған тәрбиесіз үлкен жауапкершілікті талап ететіні, жастардың саналы түрде жауап бергені үлкендерді қуантты.

Ш.СЕЙСЕНОВА,
Ойтоған ауылдық клуб меңгерушісі.

АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ АДАМДАРДЫҢ ӨТІНІШ БЕРУ МЕХАНИЗМІН ТҮСІНДІРУ ҚҰҚЫҚТАРДЫ, СОНДАҰ – АҚ, ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ҮШІН ПРОКУРАТУРАҒА ТАРТЫМДЫ ЖАУАПТАР

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:
- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда; дене;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.
Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Талғат МОЛДАХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің бастығы, әділет кеңесшісі.

БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ



нес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Сонымен қатар, берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).
Сонымен бірге, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqor.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Ермек АСҚАРОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСТИКА ОРГАНДАРЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУ ТӘРТІБІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛГЕНІН ХАБАРЛАЙДЫ

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа азаматтардың бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-ростау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі

уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭҮ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Дарын ЖУЛУНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР



Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналас-тыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады,

бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалуы мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-ростау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Асхат ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

АҚПАРАТТЫҚ – АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті qatqor.gov.kz ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Көрсетілген функционал азаматтардың ыңғайлығы мен уақытты үнемдеу үшін жасалған, яғни өтініштерді уәкілетті органға жолдап, оған жауабын 15-20 күн күтудің қажеті жоқ.

Сервис интернет-ресурстарды пайдаланушыларға үйден шықпай-ақ сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qatqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

Әлия БЕКСҰЛТАНОВА,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2 % құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-84, Текелі – 6, Ақсу – 2, Алакөл – 9, Ескелді – 8, Кербұлақ – 6, Көксу – 1, Қаратал – 4, Панфилов – 1, Саркандық – 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік күәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзіңіз дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етпеңіз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Талғат ОМАРХАНОВ,

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғалар арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есеп алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігіне тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың білі» атты қосымшадағы Комитетті <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас күәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосымша Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы – азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерінің 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Мади ХАЙРБАЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

ЕСКЕ АЛУ



Өмірде сырласқан сөзің мен ойың жарасқан, қиналған қасыңнан табылып, қабағыңа қарасқан, бірге жүрген ағайын – туыс, жолдастарыңның қатары өте сиреп бара жатқаны еріксіз ойыңа оралады. Кеше ғана өмірден озған Өкейді ойлаған да ойың ортайып, жаның күйзеледі. Бір кем дүние.

1964 жылы Жармұхамет екеуіміз отбасын құрғанда – оның етжақын туыстарының ішінде көзіме түсіп, көңіліме қонғаны Қамза мен Өкей еді. Содан бері 60 жыл уақыт ішінде Өкей өмірден озғанша арамыздағы туыстық қарым – қатынас уақыт озған сайын нығаймаса, арасына бірде – бір рет селкем түскен кезі жоқ. Сыйласқан, сырласқан, түсініскен, үзбей хабарласқан қалыптан айнығамыз жоқ. Ортамызда Өкей ерекше жан еді, қашан көрсең қабағын бір шытпай, айналасына мейірімін мол таратып, жанының шуағы мен нұрын шашып, сулу жымып жүретін, сабырға бай адам еді. Сарқылмас сабаз еді.

Оны өзгелерден арттырып

тұратын қазақилығы, тағдыр қосқан жары Қамзаға, оның анасы Қайныш апаға деген құрметі, сыйы, адалдығы кімді болса да таңқалдырмай қоймайтын.

Өкей, Сен бұл дүниеден сүтпен бірге біткен сікілік келбетіңнен айнымай, тектілік тұғырыңнан таймай, жүзінді сыртқа, арқаңды ыққа бермей адал ғұмыр кештің. Өмірде кездескен қиындықтарды

өте сабырлықпен қабылдап, жеңіп шығып, рахатына шүкіршілік еттің. Сол ниетіңе орай үш қызың мен екі ұлыңнан немере – шөбере сүйіп, құрметке бөлендің.

Сынаптай сырғып жатқан уақыт Сенің өмірден өткеніңе 40 күн толып қалғанын да ескертіп жатыр.

Ұрпақтарыңның анаға арнап жайған киелі дастарханында саған арнап оқылған құран қабыл болсын. Сенің жаның жәннатта, төнің рахатта, мінгенің пырақ, жаққаның шырақ, бәтиха бізден, рахым Алладан деп тілеймін.

Артыңда қалған ұрпақтарың аман – есен өсіп, өркен жайсын, ұлағатты болсын. Ахан әкесінің қара шаңырағының отын маздатып, одан тараған немерелеріңнің білімді, елге танымал азаматтар болып қалыптасуына Алла қашанда жар болсын!

Сені сағына еске алушы: туысың **ЖАР.**

Өткенге көз жіберсек, еңбегіміз жанып, табыстарға жетіп, жайсаңдармен аралас - құралас болып жүргенде біздің де асып - тасқан кездеріміз, тәтті өмірді бітпестей көргеніміз бар. Былайша айтқанда, өшпейтін оттардың қасында тұрғандай, гүлдерді солмайтындай, адамдарды өлмейтіндей сезіндік...

Алайда, ауа - райының алай - дүлей күрт өзгергені сияқты, қуаныш пен күлкіні тыятын уақиғалар болады екен. Біз де аяқ астынан аяулы адамдардан айырылып, қатал тағдырдың үкіміне көнуге мәжбүр болдық. Сондай бір ауыр жағдай ұжымымызда өзіміздің аяулы сіңіліміздей болған әріптесіміз **Қоңырбаева Айжан Ысқаққызы** мезгілсіз дүниеден өтуі болды. Жалған дүние... Кешегі ортамызда ойнап - күліп жүрген асыл жан бүгін жоқ...

Айжан Ысқаққызы алғаш оператор болып қызметке келгенде жап - жас, біз үшін өте назік кішкентай қыз еді. Бірақ сонысына қарамай күн демей, түн демей, жанын аямай жұмыс істеді. Өте сауатты, қос тілді де керемет меңгерген, көңілді,



ақ пейіл жан еді. Жұмысына өте мұқият, жауапкершілігі зор болатын. Сөйтіп, әріптесіміз ҚазПошта байланыс торабы акционерлік қоғамының өрлеуі жолында еселі еңбек сіңірді. Соның нәтижесінде Ақсу АПБТ - ның басшысы лауазымына дейін көтеріліп, 2018 жылдың маусым айының 20 - шы жұлдызынан 2024 жылдың сәуір айының 26 - шы жұлдызына дейін жұмыс атқарды. Амал нешік... өлі де талай биікті бағындыратын шамасы бар еді...

Міне, көзді ашып – жұмғанша өмірден өткеніне 8 маусымда қырық күн болады екен.

Айжан Ысқаққызы санаулы ғұмырында адамдық қалпынан, адалдық салтынан бір таймады. Жайсаң жанның аудан дамуына қосқан қомақты үлесін аудан жұртшылығы жақсы біледі. Жақындары үшін ол білімді маман, білікті басшы ғана емес, қашан көрсең де жүзінен шуақ төгіліп тұратын мейірбан әріптес, өмірде алға қойған мақсаттарына қол жеткізген біртуар азаматша, ағайын - туған, дос - жаранмен жиі биік үзбеген жақсы адам, асыл ана, аяулы жар еді.

Әріптестеріне сыйлы бола білген Айжан Ысқаққызының жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын. Туған – туыс, отбасының қайғыларына ортақпыз.

Айжан Ысқаққызының жарқын бейнесі әріптестерінің, аудан тұрғындарының жадында мәңгі сақталады.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: **Ұжымның зейнеткерлері және әріптестері.**

Құттықтаймыз!

Ақсу аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы **ТАНАТАРОВА САМИҒА ТАЛАСБЕКҚЫЗЫ**

30 мамырда асқарлы алпыстан асып, 61 жасқа толады. Ұжымымыздың ең үлкені, ақылшы әпкеміз Самига Таласбекқызының ауданның қаржы саласына сіңірген еңбегі елеулі. Аудандық қазынашылық бөлімінде жетекші маманнан бастап, сектор меңгерушісі - бас есепшісі, 2010 жылдан қазіргі уақытқа дейін Жетісу облысы бойынша қазынашылық департаментінің Ақсу аудандық қазынашылық басқармасы қаржылық және шарттарды тіркеу тобының бас маман - бас қазынашысы лауазымын атқарады.

Биыл 3 қаңтардан бастап Жетісу облысы бойынша қазынашылық департаментінің Ақсу аудандық қазынашылық басқармасының бас маман - бас қазынашы лауазымын атқаруда.

Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, нормативтік - құқықтық актілерді және жоғары тұрған ұйымдардың бұйрықтары мен тапсырмаларын үнемі басшылыққа алып, міндеттерін адал, уақытымен, үлкен жауапкершілікпен және тиянақты орындап, жастарға үлгі болып келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі нормаларын, Ішкі еңбек тәртібін қатаң сақтайды.



Үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білген қызметтік міндеттерін өте жақсы орындайтын маман.

Адал еңбегі бағаланып, 2014 жылы Ұлттық Банк "Алғыс хатымен", 2016 - 2018 жылдары Қазынашылық Комитетінің "Құрмет Грамотасымен", 2019 жылдың 15 қарашасында Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығына орай Ақсу ауданы әкімдігі төсбелгісімен, 2023 жылы Қаржы Министрлігінің "Құрмет Грамотасымен", 2024 жылы ҚР Қаржы Министрлігінің "Қазынашылық комитетіне 30 жыл" төсбелгісімен марапатталған.

Ендеше, әріптесімізді, алдыңғы толқын әпкемізді туған күнімен құттықтаймыз. Отбасына қуаныш, бақыт, деніне саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Ақсу аудандық қазынашылық басқармасы ұжымы.

ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ

«Ұлы дала жорығы 2024» марафон - бәйгесі өз мәресіне жетті. Биылғы аламан Павлодар облысынан бастау алып, елордада аяқталады.

«Ұлы дала жорығы» марафон - бәйгесінде еліміздің 18 аймағынан келген 90-ға жуық шабандоз бақ сынады. Әр өңірдің іріктеуінен іріклмей

өткен үздіктер Павлодар облысынан Астана қаласына дейінгі 500 шақырымдық жолды 5 күнде шауып өтті. Былтырғы жорықтың жеңімпаздары атанған жетісулық шабандоздар осы жолы да көш бастап ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫНЫҢ жеңімпаздары атанды. Жеңіс құдты болсын!

ХАБАРЛАНДЫРУ!

11.06.2024 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://ecportal.kz/> Жетісу облысы Ақсу ауданындағы Арасан - 2 беткі тас (гранит) кен орнында жер қойнауын пайдалану объектісін (карьерді) жою жоспарына "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Granite-industries" ЖШС, БСН 180140024500, мекен - жайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Самал-1 шағын ауданы, 23 үй, 3 пәтер. Тел. 87086442812, graniteindustries@mail.ru. Жоба материалдарымен ecportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su.expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 11.06.2024г в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП <http://ecportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации объекта недропользования (карьера) на месторождении облицовочного камня (гранитов) Арасан-2 в Аксуском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Granite-industries», БИН 180140024500, адрес: г.Алматы, Медеуский район, Микрорайон Самал-1, дом 23, кв. 3. Тел.87086442812, graniteindustries@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su.expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

05.07.2024 жылы, сағат 15:00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылы, Ғ.Мәмбетов көшесі, 27 мекенжайы бойынша «Жетісу облысы Ақсу ауданында орналасқан "Арасан-2" қаптамалы тас кен орнын игеру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "Granite-industries" ЖШС, БСН 180140024500, мекен - жайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Самал-1 шағын ауданы, 23 үй, 3 пәтер. Тел. 87086442812, graniteindustries@mail.ru. Жоба материалдарымен ecportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su.expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

05.07.2024г, в 15:00 часов, по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Арасан, ул.Г.Мамбетов, 27 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ разработки месторождения облицовочного камня «Арасан-2» расположенного в Аксуском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Granite-industries», БИН 180140024500, адрес: г.Алматы, Медеуский район, Микрорайон Самал-1, дом 23, кв. 3. Тел.87086442812, graniteindustries@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su.expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2502

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90. Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz Индекс: 65750 Оффсеттік басылым көлемі 26 т.